

Анықтама

11 қазан Бірікке Ұлттар ұйымының жариялымы бойынша Халықаралық қыздар күні болып табылады. Осы орайда №6 Хромтау гимназиясында «Ерте және мәжбүрлі некенің алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстел басына жоғары сынып қыз балалары мен ұстаздар жиналды. Ардагер ұстаз Жақсылықова Шолпан Жайылханқызы қазіргі жастар жиі моральдық, қаржылық және психологиялық тұрғыдан алғанда отбасын құруға дайын емес, өйткені олар өздері әлі бала сияқты екендігін айтып, ерте некеге тұру және некені бұзу – бұл адам өмірінде жаман із қалдырып, оны қалыпты өмір жолынан тайдыратын дерт, кері әсер екендігіне тоқталды. Көп балалы ана Саимова Сайран қыз алып қашу және оның бүгінгі қыз балаларға тигізетін зардабына тоқталды.



Кітапханашы Елеусизова Әлия «Махаббат қызық мол жылдар» атты Әзілхан Нұршайықовтың кітабынан үзінділер келтіріп, тақырып бойынша өз ойын ортаға салды.



Сонымен қатар барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.



Қыз балаларға арналған уақытты тиімді пайдалану мақсатында «Сағат тілі» психотехникалық жаттығу және жеке басты дамыту кеңестерінен үзінді тренингін гимназия психологі Кушербаева Анарым Берікқызы ұйымдастырып өткізді.



Орындаған: Жасағанбергенова Б

